

Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені

**№ 18 шығарылым
2023 жыл**



**Қазақстан Республикасы Экология
және табиғи ресурстар министрлігі
"Қазгидромет" РМҚ
Қарағанды және Ұлытау облыстарының
филиалы**

	МАЗМҰНЫ	Бет
	Кіріспе	3
1	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
2	Ауа ластануының сипаттамасы	4
3	Жер үсті сулар сапасының жағдайы	18
4	Радиациялық жағдай	27
5	Атмосфералық жауын-шашынның сынамаларың іріктеу	27
6	Қар жамылғысының химиялық құрамы	27
7	Топырақ ластану мониторингі	28
	Қосымша 1	30
	Қосымша 2	33
	Қосымша 3	36
	Қосымша 4	37
	Қосымша 5	38
	Қосымша 6	41
	Қосымша 7	45

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Қарағанды облысының аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Қарағанды облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Қарағанды облысының атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

«Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесінің мәліметтері бойынша Қарағанды облысында қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 332 кәсіпорын бар. Стационарлық көздерден ластаушы заттардың жалпы шығарындылары 585 мың тоннаны құрайды.

Ластанудың негізгі көздері - автомобиль көлігі, қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ХМЗ кәсіпорындары, жылу электр орталығы, құю-механикалық зауыты, теміржол көлігі кәсіпорны, автокөлік кәсіпорындары.

2. Қарағанды қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Қарағанды қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 7 бақылау бекетінде, оның ішінде 4 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 3 автоматты станцияда жүргізіледі (1-кесте).

Жалпы қала бойынша 12 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) күкіртті сутегі; 10) формальдегид; 11) озон; 12) аммиак, 13) күшәла

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы (ескі аэропорт аумағы)	қалқыма бөлшектер (шаң); күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді, формальдегид, фенол, күшәла
3		Абай көшесі, 1 мен Бұқар-Жырау даңғылы бұрышы	
4		Бирюзов көшесі, 22 (жаңа Майкұдық)	
7		Ермеков көшесі, 116	
5	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; күкіртсутегі.
6		Архитектурная көшесі, 15/1 уч.	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; аммиак, озон.
8		Зелинский көшесі, 23 (Пришахтинск)	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; күкіртсутегі; озон.

Қарағанды қаласында стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен қосымша Пришахтинск ауданында, Сортировка және Шахтинск қаласындағы 2 нүктеде 10 көрсеткіш бойынша: 1)аммиак; 2)қалқыма бөлшектер; 3)азот диоксиді; 4)күкірт диоксиді; 5)азот оксиді; 6)көміртегі оксиді; 7)күкіртті сутегі; 8)көмірсутектер; 9)фенол; 10) формальдегид ауа сапасы өлшенеді.

Қарағанды қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 жыл бойынша жай-күйі

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=22,6-ға тең (өте жоғары деңгей) №8 бекет аумағында РМ 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша (СИ>10 кезінде 19 күн), ЕЖҚ=100% №8 бекет аумағында РМ 2,5, РМ 10 қалқыма бөлшектері бойынша және АЛИ=16 (өте жоғары деңгей) анықталды.

*БҚ сәйкес, егер АЛИ, СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі ИЗА бойынша бағаланады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 22,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 12,1 ШЖШ_{м.б.}, шаң – 4,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 6,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 5,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 11,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 5,6 ШЖШ_{м.б.}, озон – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1, 3 ШЖШ_{м.б.}, аммиак -2,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 7,6 ШЖШ_{о.т.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 4,5 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану(ЭЖЛ) жағдайы: 2023 жылғы 17, 18, 19, 24, 25, 30, 31 қаңтар, 1, 13, 14, 15, 16, 19 ақпан, 27, 28 наурыз №8 (Ардақ көшесі (Пришахтинск)), №6 (Архитектурная көшесі,15/1 уч.) , 6,7,20 қараша, 10 желтоқсан №8 (Зелинский көшесі,23 (Пришахтинск) автоматты бақылау бекеттерінің мәліметі бойынша РМ 2,5 қалқыма бөлшектер (10,0-22,6 ШРШ), РМ 10 қалқыма бөлшектер (10,2-13,0 ШРШ), азот диоксиді (10,0-11,1 ШРШ) бойынша 293 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б. асу еселігі		>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
							оның ішінде	
Қарағанды қ.								
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,13	0,89	2,40	4,8	10	138		
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,27	7,6	3,61	22,6	100	29710	838	219

Қалқыма бөлшектерPM-10	0,27	4,5	3,64	12,1	100	6415	252	12
Күкірт диоксиді	0,02	0,40	2,68	5,35	0	29	10	
Көміртегі оксиді	1,17	0,39	20,80	4,2	16	669		
Азот диоксиді	0,04	1,0	2,22	11,1	6	1614	437	62
Азот оксиді	0,02	0,30	2,22	5,6	1	190	123	
Озон (жербеті)	0,02	0,61	0,32	2,0	11	1937		
Күкіртсутегі	0,002		0,05	6,6	8	2000	9	
Аммиак	0,002	0,04	0,42	2,1	0	1		
Фенол	0,004	1,4	0,01	1,3	1	7		
Формальдегид	0,01	0,963	0,03	0,52	0			
Гамма-фон	0,11		0,20		0			
Күшәла	0,000066	0,22						

3 кесте

Қарағанды қаласының эпизодтық бақылаулар бойынша сипаттама


Қоспа	Елді мекеннің атауы							
	Нүкте №1 (Шахтинск)		Нүкте №2 (Шахтинск)		Пришахтинск		Сортировка	
	мг/м ³	ПДК	мг/м ³	ПДК	мг/м ³	ПДК	мг/м ³	ПДК
Аммиак	0,05	0,25	0,06	0,3	0,02	0,1	0,06	0,3
Қалқыма бөлшектері	0,09	0,2	0,11	0,22	0,14	0,28	0,19	0,4
Азот диоксиді	0,014	0,07	0,012	0,06	0,014	0,07	0,019	0,1
Күкірт диоксиді	0,013	0,03	0,014	0,028	0,05	0,1	0,02	0,03
Азот оксиді	0,009	0,02	0,01	0,03	0,03	0,08	0,01	0,03
Көміртегі оксиді	0,9	0,2	1,0	0,2	1,5	0,3	1,3	0,3
Күкірт сутегі	0,006	0,75	0,007	0,88	0,007	0,88	0,007	0,88
С ₁ -С ₁₀ көмірсулары	47,3		43,8		47,0		46,3	
Фенол	0,008	0,8	0,008	0,8	0,007	0,7	0,008	0,8
Формальдегид	0,001	0,02	0,001	0,02	0,001	0,02	0,001	0,02

Бақылау деректері бойынша анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген норма шамасында болды (3 кесте).

Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады:

Қарағанды қаласының 2019-2023 жылдар аралығындағы СИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері



Графикте көрсетіліп тұрғандай соңғы 5 жыл бойынша ластану жоғары деңгейді көрсетті. Соңғы 2 жыл бойынша «СИ» және «ЕЖҚ» көрсеткіштері тұрақты жоғары деңгейді көрсетті.

Ең жоғарғы бір реттік ШЖШ-тан асу есіліктері: қалқымалы бөлшектері РМ-2,5 (29710), қалқымалы бөлшектері РМ-10 (6415), шаң (138), көміртегі оксиді (669), азот диоксиді(1614), азот оксиді (190), күкіртесутегі (2000), күкірт диоксиді (29), озон (1937), аммиак (1), фенол (7) бойынша тіркелді.

Орташа тәуліктік көрсеткіштердің орташа ШЖШ-тан асу еселіктері: қалқымалы бөлшектері РМ-2,5, РМ10, фенол, азот диоксиді көбіне қалқымалы бөлшектері РМ-2,5 бойынша тіркелді.

Бұл ластану жылу энергетикалық кәсіпорындар мен жеке секторды жылыту шығарындыларының әсерімен қатар жүретін қысқы маусымға тән.

Көп жылғы ластану көрсеткіші «ЕЖҚ» мәліметтері бойынша қалқыма бөлшектері РМ-2,5; РМ-10, күкірт сутегі және көміртегі оксиді ауа ластануының жылу энергетикалық кәсіпорындар шығарындыларынан болатындығын байқауға болады.

Метеорологиялық жағдайлар.

Ауа ластануының қалыптасуына ауа-райы да әсер етті, сондықтан 2023 жылда КМЖ-мен 130 күн байқалды (тынық ауа-райы және 0-3м/с әлсіз жел).

2.1. Саран қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте 3 қоспа анықталады: 1) көміртегі оксиді; 2) азот диоксиді; 3) азот оксиді.

4 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді

Саран қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 бойынша жай-күйі

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды, СИ=7 (жоғары деңгей) көміртегі оксиді бойынша және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша, **АЛИ**=1(төменгі деңгей) анықталды.

**БҚ сәйкес, егер АЛИ, СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі ИЗА бойынша бағаланады.*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: көміртегі оксиді -7,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, құрады басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану(ЭЖЛ) жағдайы: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) тіркелген жоқ (5 кесте).

5 кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асуеселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б. асуеселігі		%	>ШЖШ	>5
					ШЖШ			ШЖШ
Саран қ.								
Көміртегі оксиді	0,38	0,13	34,74	6,95	0	42	11	
Азот диоксиді	0,04	0,90	0,53	2,7	1	261		
Азот оксиді	0,00	0,07	0,02	0,04	0			

2.2. Абай қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте 4 қоспа анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) озон

6 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Абай көшесі	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон

Абай қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 жыл бойынша жай-күйі

Бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3,5 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша және ЕЖҚ=41 % (жоғары деңгей) азот диоксиді, **АЛИ** =6 (көтеріңкі деңгей) бойынша анықталды.

**БҚ сәйкес, егер АЛИ, СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі ИЗА бойынша бағаланады.*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: күкірт диоксиді – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.} құрады басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (7 кесте).

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу: азот диоксиді – 3,8 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану(ЭЖЛ) жағдайы: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) тіркелген жоқ.

7 кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Енжоғарғыбірреттікшоғыр		ЕЖ Қ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШо. т. асуеселігі	мг/м ³	ШЖ Шм.б. асуеселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
							оның ішінде	
Абай қ.								
Күкірт диоксиді	0,04	0,89	1,75	3,51	0	59		
Көміртегі оксиді	0,12	0,04	6,65	1,33	0	2		
Азот диоксиді	0,15	3,8	0,49	2,4	41	10481		
Озон	0,01	0,27	0,15	0,96	0			

2.3 Балқаш қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Балқаш қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 3 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 12 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) аммиак; 7) күкіртті сутегі; 8) кадмий; 9) қорғасын; 10) күшәла, 11) хром, 12) мыс.

7-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

8 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Микрорайон «Сабитова» (ОМ № 16 маңайында)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді, азот оксиді азот диоксиді, кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром.
3		Томпиева көшесі, №4 үйден солтүстікте	
4		Сейфулина көшесі(аурухана қалашығы, СЭС маңайында)	
2	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Ленина көшесі, №10 үйден төменірек	Күкірт диоксиді, күкірт сутегі.

Балқаш қаласында қол күшімен алынатын бекеттерден бөлек қозғалмалы зертхана (Қосымша 3) 11 көрсеткіш бойынша: 1) қалқыма бөлшектер(шаң); 2) аммиак ; 3) бензол ; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) күкіртті сутегі; 9) көмір сутегі сомасы, 10) озон (жербеті), 11) хлор сутегі әрекет жасайды.

Балқаш қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 жылдағы бойынша жай-күйі .

Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша, атмосфералық ластану төменгі деңгейі болып есептелді, оның шамасы №2 бақылау орнының ауданында күкірт сутегі бойынша СИ=5,7-ке (жоғары деңгей) және №3 күкірт диоксиді бойынша НП=2%-ға (көтеріңкі деңгей), АЛИ=2 (төменгі деңгей) тең.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,4 ШЖШ_{м.б} , күкірт диоксидінің асуы – 4,9 ШЖШ_{м.б} құрады, , күкірт сутегі – 5,7 ШЖШ_{м.б}, қалған лаस्ताушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

Лаस्ताушы заттардың орташа тәуліктік концентрациясы ШРК-дан аспады.

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 9-кестеде көрсетілген.

9 кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бірреттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖ Шм.б. асу еселігі		>ШЖШ	>5	>10
					ШЖШ		ШЖШ	
Балқаш қ.								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,11	0,71	0,70	1,40	1	18		
Күкірт диоксиді	0,05	0,94	2,47	4,93	2	156		
Көміртегі оксиді	0,27	0,09	4,43	0,89	0			
Азот диоксиді	0,01	0,25	0,20	1,00	0			
Азот оксиді	0,00	0,04	0,29	0,72	0			
Күкірт сутегі	0,001		0,045	5,65	0	21	2	
Аммиак	0,002	0,06	0,034	0,17				
Кадмий	0,0000048	0,016						
Қорғасын	0,0000391	0,13						
Күшәлан	0,0000242	0,081						
Хром	0,0000424	0,0283						
Мыс	0,0000199	0,01						

Балқаш қаласының эпизодтық бақылаулар бойынша сипаттама

Балқаш қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте –17 орамы, "Фудмарт" дүкені ауданы;, №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

10 кесте


Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Аммиак	0,010	0,050	0,006	0,030	0,005	0,025
Бензол	0,068	0,227	0,055	0,183	0,064	0,213
Қалқыма бөлшектері	0,037	0,070	0,039	0,078	0,038	0,076
Күкірт диоксиді	1,7110	3,4220	2,3261	4,6522	0,8004	1,6008
Азот диоксиді	0,011	0,055	0,013	0,065	0,010	0,050
Азот оксиді	0,007	0,018	0,007	0,018	0,006	0,015
Көміртегі оксиді	4,28	0,86	5,75	1,15	3,47	0,69
Күкірт сутегі	0,0044	0,5500	0,0054	0,6750	0,0034	0,4250
Көмір сутегі сомасы	24,2		37,0		22,4	
Озон (жербеті)	0,009	0,056	0,007	0,044	0,005	0,031
Хлорлы сутегі	0,014	0,070	0,010	0,050	0,011	0,055

Бақылау деректері бойынша, көміртегі оксиді максималды бір реттік шоғыры шамасы – 1,15 ШЖШ_{м.б} (№2 нүкте), күкірт диоксиді - 3,42ШЖШ_{м.р} (№1 нүкте), 4,65ШЖШ_{м.р} (№2 нүкте), 1,60ШЖШ_{м.р} (№3 нүкте). Қалған анықталатын ластанушы заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген норма шамасында болды(9-кесте).

Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады

Балқаш қаласының 2019-2023 жылда СИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері



Диаграммдан көрініп тұрғандай, бес жыл ішінде ең жоғары жиіліктің мәні тұрақты үрдіске ие емес, бірақ 2022 жылдан бастап ол төмендеу тенденциясына ие, жалпы алғанда, соңғы 3 жылда ластану деңгейі айтарлықтай өзгерген жоқ.

Күкірт диоксиді бойынша ең жоғары бір реттік ШЖК артуының ең көп саны байқалды (156), күкірт сутегі(21), қалқыма бөлшектер (шаң)(18).

Орташа алғанда бір жылдағы орташа тәуліктік нормадан асып кету байқалмайды.

"Ең көп қайталану" («ЕЖҚ») көрсеткішінің көп жылдық ұлғаюы немесе төмендеуі негізінен қалқыма бөлшектердің (шаңның), күкірт диоксидінің және күкіртсутегінің есебінен байқалды, бұл қала кәсіпорындары мен өндірістерінің ауаның ластануына елеулі үлес қосатынын айғақтайды. Ауа ластануының қалыптасуына ауа-райы жағдайлары, қатты желдер, желдің жиі өзгеретін бағыты әсер етеді.

2.4. Жезқазған қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Жезқазған қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 3 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі.

Жалпы қала бойынша 13 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) күкіртті сутегі; 8) фенол; 9) кадмий; 10) мыс; 11) күшәла; 12) қорғасын; 13) хром.

11-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

11 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4 Г	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол, кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром
3			Желтоқсан көшесі, 481	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М. Жәлел көшесі, 4В	Қалқыма бөлшектер РМ-10

Жезқазған қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 жылғы бойынша жай-күйі

Жезқазған қаласының бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ЕЖҚ = 20 % (жоғары деңгей) күкіртті сутектің бойынша № 1 – бекеттің аумағында,

СИ = 9,2 (жоғары деңгей) күкіртті сутектің бойынша № 1 – бекеттің аумағында және АЛИ = 5,9 (көтеріңкі деңгей) анықталды.

*БҚ сәйкес, егер АЛИ, СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі ИЗА бойынша бағаланады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутектің – 9,2 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,1 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану(ЭЖЛ) жағдайы: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) бекітілмеген.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 12-кестеде көрсетілген.

12 кесте


Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.} т. асуеселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асуеселігі	%	>ШЖШ	>5	>10
							ШЖШ	ШЖШ
Жезқазған қ.								
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,31	2,1	0,70	1,4	6	102		
Қалқыма бөлшектерPM-10	0,01	0,16	0,27	0,90	0			
Күкірт диоксиді	0,01	0,25	0,50	1,0	0	1		
Көміртегі оксиді	0,32	0,11	10,00	2,00	0	1		
Азот диоксиді	0,04	1,08	0,24	1,20	0	1		
Азот оксиді	0,01	0,18	0,04	0,10	0			
Күкіртсутегі	0,004		0,07	9,24	20	2042	74	
Фенол	0,010	1,9	0,02	2,00	8	113		
Кадмий	0,0000273	0,09						
Қорғасын	0,000018	0,06						
Күшәлан	0,000019	0,06						
Хром	0,0000022	0,01						
Мыс	0,000028	0,01						

Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады:

**Жезқазған қаласының 2019-2023 жылдардығы
СИ, АЛИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері**



Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылдағы ластану деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты болды. 2022 жылмен салыстырғанда ластану деңгейі төмендеді.

Ең жоғарғы бір реттік ШЖШ-тан асу есіліктері: қалқыма бөлшектер (шаң) (102), фенолдың (113) және күкіртті сутектің (2042) бойынша тіркелді. Біркүндік көрсеткіштердің орташа ШЖШ-тан асу еселіктері қалқыма бөлшектер (шаң), азот диоксиді және фенолдың бойынша тіркелді.

Көп жылғы ластану көрсеткіші «ЕЖҚ» мәліметтері бойынша қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі және фенолдың тіркелді.

2.5.Сәтбаев қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Сәтбаев қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 автоматты станцияда жүргізіледі.

Жалпы қала бойынша 4 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді 4) озон.

13-кестеде бақылау станцияларының орналасқан жері және әрбір станцияда айқындалатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

13 кесте

Бақылау станцияларының орналасқан жері және анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	4 шағын аудан, ТП-6 ауданында	Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон
2			14 квартал, № 14 орта мектеп пен № 27 орта	Көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон

			мектеп арасында	
--	--	--	-----------------	--

Сәтбаев қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 жылғы бойынша жай-күйі

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ = 2,5 (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 1 – бекеттің аумағында, ЕЖҚ = 29 % (жоғары деңгей) азот диоксиді бойынша № 1 – бекеттің аумағында және АЛИ = 8,4 (жоғары деңгей) анықталды.

**БҚ сәйкес, егер АЛИ, СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі АЛИ бойынша бағаланады.*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: күкірт диоксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,5 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу шоғырлары: азот диоксиді – 3,9 ШЖШ_{о.т.} және озон – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам).

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 14-кестеде көрсетілген.

14 кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.} т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5	>10
							ШЖШ	ШЖШ
Сапаев қ.								
Күкірт диоксиді	0,008	0,16	1,21	2,42	0	59		
Көміртегі оксиді	0,35	0,12	9,08	1,82	0	1		
Азот диоксиді	0,16	3,9	0,51	2,5	29	7993		
Озон	0,05	1,6	0,25	1,58	2	542		

Ең жоғарғы бір реттік ШЖШ-тан асу еселіктері: азот диоксиді (7993) және озон (542) бойынша тіркелді.

Бір күндік көрсеткіштердің орташа ШЖШ-тан асу еселіктері азот диоксиді және озон бойынша тіркелді.

2.6. Теміртау қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Теміртау қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 3 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі.

Жалпы қала бойынша 16 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) күкіртті сутегі; 10) сынап; 11) күшәла; 12) аммиак, 13) кадмий, 14) мыс, 15) қорғасын, 16) хром.

15-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

15 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	қол күшімен алынған сынама (диск ретті әдіс)	Колхозная көш, 23	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, кадмий, мыс, мышьяк, хром, қорғасын.
4		6-шағынаудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, кадмий, мыс, мышьяк, хром, қорғасын.
5		3 «а» шағынауданы (құтқару станциясының ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, сынап, кадмий, мыс, мышьяк, хром, қорғасын.
2	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Фурманов көш, 5	қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, аммиак

Теміртау қаласындағы атмосфералық ауаның 2023 жылғы бойынша жай-күйі

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды. Ол АЛЖИ = 9,1 (жоғары деңгей), ЕЖҚ = 34 % (жоғары деңгей) фенол бойынша № 4 бекеттің аумағында және СИ = 5 (жоғары деңгей) күкіртсутегі бойынша № 2 – бекеттің аумағында анықталды.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) - 1,2 ШЖШ_{м.б}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектердің - 1,7 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді – 4,1 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді – 5,0 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді – 2,5 ШЖШ_{м.б}, күкіртсутегі - 5,4 ШЖШ_{м.б}, фенол - 4,3 ШЖШ_{м.б}, құрады, басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,7 ШЖШ_{о.т}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектердің – 1,5 ШЖШ_{о.т}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т}, фенол – 2,8 ШЖШ_{о.т}, аммиак – 1,0 ШЖШ_{о.т} басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) Нақты мәндер,

сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 16-кестеде көрсетілген.

16 кесте


Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташашоғыр		Еңжоғарғыбірретт ікшоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШо.т. асуеселігі	мг/м ³	ШЖ Шм.б. асуесел ігі	%	>ШЖ Ш	>5	>10
							ШЖШ	ШЖШ
Теміртау қ.								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,25	1,7	0,60	1,2	3	80		
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,05	1,5	0,27	1,7	0	53		
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,05	0,9	0,27	0,9	0			
Күкірт диоксиді	0,01	0,3	0,15	0,3	0			
Көміртегі оксиді	0,31	0,1	20,42	4,1	1	121		
Азот диоксиді	0,05	1,1	1,00	5,0	16	4127	36	
Азот оксиді	0,02	0,4	1,00	2,5	1	157		
Күкірт сутегі	0,002		0,043	5,4	2	514	2	
Фенол	0,008	2,8	0,043	4,3	34	827		
Аммиак	0,04	1,0	0,18	0,9	0			
Сынап	0,00	0,0	0,00		0			
Кадмий	0,000021	0,07						
Қорғасын	0,000014	0,05						
Күшәла	0,000015	0,05						
Хром	0,000016	0,01						
Мыс	0,000027	0,01						

Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады

Теміртау қаласының 2019-2023 жылдардығы бойынша СИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері



Графикте көрсетіліп тұрғандай, 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі Теміртау қаласының ластану деңгейі жоғары болып қала береді. 2022 жылдың салыстырғанда 2023 жылдың қаланың ауа сапасы нашарлады.

Ең жоғарғы бір реттік ШЖШ-тан асу есіліктері: азот диоксиді (4127) бойынша тіркелді.

Орташа тәуліктік көрсеткіштердің орташа ШЖШ-тан асу еселіктері: қалқымалы бөлшектер, азот диоксиді, фенол, аммиак, көбіне фенол бойынша тіркелді.

Бұл ластану кез-келген маусымға тән, бұл қаланың өнеркәсіптік және металлургиялық кәсіпорындарының шығарындыларының әсерімен жүреді.

Көп жылғы ластану көрсеткіші «ЕЖҚ» негізінен фенол есебінен байқалды. Бұл қаланың металлургиялық кәсіпорындарының технологиялық процесі ерекшеліктерінің ауаның ластануына елеулі үлес қосқанын және осы ластанушы заттың атмосферада тұрақты жинақталғанын айғақтайды.

3.Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы жер үсті сулары сапасының мониторингі

Қарағанды және Ұлытау облыстарының жер үсті суларының сапасына бақылау 13 су объектісінің (Нұра, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қ.Сәтбаев атындағы су арнасы, Балқаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолак, Есей, Султанкелди, Коқай, Тениз) 42 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **33** физикалық және химиялық көрсеткіштері: *көзбен шолу, су температурасы, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші, еріген оттегі, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді және органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар* анықталады.

Есеп мерзімі кезінде Қарағанды облысы аумағында, **гидробиологиялық көрсеткіштер** бойынша жер үсті су сапасының жай-күйіне мониторинг 11 су объектілерінде (Нұра, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендерінде, Кеңгір, Самарқан су қоймаларында, Балқаш, Шолақ, Есей, Султанкелді, Қоқай, Теңіз көлдерінде) 36 тұстамада жүргізілді. 672 сынамаға талдау жүргізілді, оның ішінде: фитопланктон бойынша -165 сынама, зоопланктон – 165 сынама, перифитон-87 сынама, зообентос бойынша -76 сынама және жіті уыттылықты анықтауға-179 сынама.

3.1.Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы жер үсті суларының сапасына гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша мониторинг нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Су нысандарының атауы	Су сапасының классы		Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	концентрациясы
	2022 жыл	2023 жыл			
Нұра өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец	мг/дм ³	0,119
Самарқан су қоймасы	3 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	38,1
Кеңгір су қоймасы	4 класс	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец	мг/дм ³	0,134
Қара Кеңгір өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Аммоний-ионы	мг/дм ³	6,0
			Кальций	мг/дм ³	201
			Магний	мг/дм ³	114,9
			Марганец	мг/дм ³	0,196
			Минерализация	мг/дм ³	2135
Соқыр өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Хлоридтер	мг/дм ³	422
			Аммоний-ионы	мг/дм ³	4,46
Шерубайнұра өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец	мг/дм ³	0,159
			Аммоний-ионы	мг/дм ³	3,96
Қ. Сәтпаев ат. арна	4 класс	4 класс	Марганец	мг/дм ³	0,163
			Магний	мг/дм ³	33,1

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2022 жылмен салыстырғанда Нұра, Қара Кеңгір, Соқыр Шерубайнұра өзендерінің және Қ. Сәтпаев атындағы арна су сапасы айтарлықтай өзгермеген. Самарқан су қоймасының сапасы 3 класстан, 4 классқа, Кеңгір су қоймасы 4 класстан 5 класстың жоғарғы деңгейіне ауысты, осылайша су нысандардың сапасы нашарлады.

Қарағанды және Ұлытау облыстарының су объектілерінің негізгі ластаушылары кальций, магний, аммоний-ионы, марганец, минерализация, жалпы темір, хлоридтер. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормасынан асуы, негізінен ағынды сулар ағынына тән.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

2023 жылғы облыстар аумағында келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары анықталды: Нұра өзені – 5 ЖЛ жағдайы (жалпы темір), Соқыр өзені – 5 ЖЛ жағдайы (аммоний-ионы, хлоридтер), Шерубайнұра өзені – 11 ЖЛ жағдайы (аммоний-ионы, хлоридтер, жалпы фосфор, жалпы темір), Қара Кеңгір өзені - 37 ЖЛ жағдайы (аммоний-ионы, жалпы фосфор, БПК₅, жалпы темір, хлоридтер, еріген оттегі) және 3 ЭЖЛ жағдайы (еріген оттегі).

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша Қарағанды облысының жер үсті сулары сапасының нәтижелері туралы ақпарат 2-қосымшада келтірілген.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша Ұлытау облысының жер үсті сулары сапасының нәтижелері туралы ақпарат 3-қосымшада келтірілген.

Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша су нысандарының сапасы бойынша ақпарат 4-қосымшада келтірілген.

3.2. Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының сапасы мониторингінің нәтижелері.

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Су сынамасындағы түрлер саны 2-3 тен аспады. Ескекаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 84% құрады. Соның ішінде *Eucyclops serrulatus* басым кездесті. Зоопланктонның жалпы биомассасының 12% талшықмұртты шаяндар, домалақ құрттар 4% құрады. Жалпы орташа саны 1,31 мың дана/м³, ал биомассасы 21,7 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,74 – 2,04 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,84. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 61% құрады. Жасыл балдырлар 19% ғана жалпы биомассаны құруға қатысты. Су сынамасындағы түрлердің орташа саны - 10. Альгофлораның жалпы саны 0,23 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,035 мг/дм³ тең болды. Орташа сапроб индексі 1,78, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзеніндегі перифитонның түрлік құрамы диатомды балдырлардан құралды. *Cocconeis pediculus*, *Diatoma elongatum*, *Navicula viridula*, *Surirella ovate* түрлері басым кездесті. Жасыл және көк-жасыл балдырлардың кездесу жиілігі 1-2. β-мезасапробты организмдер көптеп кездесті. Нұра өзенінің ең ластанған бөліктері келесі тұстамала болды: "Теміртау қаласы, "ағынды сулар шығарылымнан 5,7 км төмен". Олардың сапроб индексі 1,90 құрады. Нұра өзенінің сапроб индексі 1,79 құрады.

Зообентос орташа дамыды. Бентофаунаның негізін ұлулар жәндіктер сүлгілер аз қылтанды құрттар құрады. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы - 3, зообентос жағдайына байланысты орташа ластанған су сапасын көрсетті.

18 кесте

Бентос бойынша жер үсті суларының сапасына салыстырмалы сипаттама

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.
Нұра өзені, Теміртау қаласынан 0,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 1 км төмен	a/a-4 с -17 ж-1	a/a-12 ж/х-6 ж/қ-5 ж/б-2 с-6	4	5	4	3
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі, 1 км ауылдан төмен	a/a-1 қ-11 с-5	a/a-14 ж/х-4 ж/қ-8 с-5	4	5	4	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.
		ж-2				
Нұра өзені, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 5,7 км төмен	а/а-15 к/ұ-22 с - 4	а/а-13 к/ұ-14 ж/х-6	5	5	3	3
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы, ауыл ауданындағы автожол көпірі	а/а-15 с-4 ж/х-4 ж/х-3 а/қ-3	а/а-6 ж/х-1 к/ұ-4 ж/х-4 а/қ-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі, су торабынан 4,8 км төмен	а/а-3 к/ұ-1 ж/х-5 ш-5	а/а-5 к/ұ-1 ж/т-1 ш-12	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төмен бьефі, су торабынан 0,1 км төмен	к/ұ-7 ж/х-10 ш-12	к/ұ-7 а/а-8 ж/х-10 ж/қ-9 ж/к-1 ш-14	4	5	4	3
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы, ауыл маңында	ж(и)-1 с-10 ж/ш-2	ж/и-1 ж/х-5 с-3 ш-14	5	5	3	3
Нұра өзені, Нұра ауылы, ауылдан 2,0 км төмен	ж/и-4 ш-4 ж/с-1	а/а-7 ж/қ-4 ж/ш-2 ж/с-1 ж/и-1 ш-4 с-5	5	5	3	3
Нұра өзені, Кендібидай су торабы, Сабынды ауылынан 6 км жерде	ж/х-11 а/а-3	ш-9 а/а-6	5	5	3	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.	2022ж.	2023ж.
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы, ауылдан 0,2 км төмен	а/а-2 ш-2	а/а-8 ш-6	5	5	3	3

Ескертпе:

к/ұ – қосжақтаулы ұлу;

с - сүліктер;

ж - жәндіктер;

ж(к) - көктемдіктер;

қ - қандала;

ж(қ/к) - қосқанаттылар;

г-гидра;

ж (б)- біркүндіктер;

а/а – асқазанаяқтылар;

нем.- нематодтар;

ш - шаянтәрізділер;

а/с – ақ сұлама;

ж(қ) - қоңыздар;

ж (ж) – жылғалықтар;

а/қ – аз қылтанды құрттар;

ж(и)- инелік

Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 97,84%. Тест – көрсеткіш 2,16% тең Алынған мәліметтерге сәйкес, зерттелген өзен суының *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыды. Негізгі рөлді ескекаяқты шаяндар жалпы зоопланктон санының - 57%, талшық мұрттылар - 7%, домалақ құрттар – 36% құрады. Жалпы саны 0,65 мың дана/м³, ал биомассасы 6,78 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,99. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Саны мен биомассасы бойынша диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассадан 55% құрады. Жасыл балдырлар – 23%. Жалпы саны 0,26 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,035 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 11, сапроб индексі - 1,87. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон сынамаcында диатомды балдырлар басымдылық танытты. Соның ішінде *Cyclotella comta*, *Epithemia turgida* жасыл балдырлардан: *Scenedesmus quadricauda*, *Pediastrum boruanum* кездесті. Орташа сапроб индексі 1,89. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 5,75% тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

Қара Кеңгір өзені

Зоопланктон нашар дамыды. Жалпы зоопланктон санының 58% ескекаяқты шаяндар, домалақ құрттар - 42%, талшық мұртты шаяндар кездеспеді. Орташа түр саны – 2. Орташа жалпы саны 0,58 мың дана/м³, биомассасы 2,78 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,97, яғни су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Фитопланктонның жалпы биомассасының 88%-ын диатомды, 12% жасыл балдырлар, көк-жасыл-және өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны мен биомассасы 0,18 мың кл/см³, 0,025 мг/дм³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,81, яғни орташа ластанған су сапасы 3 класты көрсетті.

Биотестілеу кезіндегі Қара Кеңгір өзенінің тест-көрсеткіші нәтижелері: Жезқазған қаласы, Кеңгір суқоймасынан 0,2 км төмен – 1,7%, Жезқазған қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен" – 8,0%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Зоопланктон орташа дамыды. Оның негізін ескекәяқты шаяндар құрап, 75% зоопланктонның жалпы санын құрады. Талшықмұртты шаяндар жалпы планктоннан 15% домалақ құрттар - 10%, құрады. Жалпы орташа саны 2,29 мың дана/м³, ал биомассасы 45,48 мг/м³. Сапроб индексі 1,63, яғни, 3-класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы фитопланктон биомассасының 49% құрады. Жалпы саны 0,25 мың кл/см³, биомассасы 0,034 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 10. Сапроб индексі 1,83, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігінің негізін диатомды балдырлар құрады. Балдырлардың *Amphipleura*, *Cymbella* түрлерінің туыстары кездесті. Жасыл балдырлар 1 данадан кездесті. Сапробиологиялық талдауға сәйкес, бетамезасапробты организмдер басымдылық көрсетті. Сапроб индексі 1,81, су класы - үшінші. Перифитон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Су қойманың түпкі фаунасы шаянтәрізділер мен қосжақұлулар жәндіктер құрады. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класының сапасы – 3.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 99,5% құрады. Тест – көрсеткіш 0,5% тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы

Зоопланктон орташа дамыды. Ескекәяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 81% құрады. Орташа саны 1,04 мың дана/м³, биомассасы 10,64 мг/м³. Сапроб индексі 1,65, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон жақсы дамыды. Жалпы саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым болды. Жалпы саны орташа 0,21 мың кл/см³, ал биомасса 0,053 мг/дм³ болды. Сапроб индексі 1,76. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезіндегі мәліметтерге сүйенсек, тест-нысанға уыттылықтың әсер етпейтіні анықталанды. Зерттелген нысанда тірі қалған дафниялар саны 98% құрады. Тест-көрсеткіш 2,0%.

Қорғалжын көлдері

Шолақ көлі

Зоопланктон бірлестігі нашар дамыған. Ескекәяқты шаяндар басым болып - 87% талшықмұртты шаяндар – 13% зоопланктонның жалпы санын

құрады. Жалпы саны 0,57 мың дана/м³, биомассасы 6,53 мг/м³. Сапроб индексі 1,80.

